



● ПРЕЗИДЕНТ

ЖЕДЕЛ ШТАБТЫҢ ОТЫРЫСЫН ӨТКІЗДІ



Мемлекет басшысының төрағалығымен жедел штаб отырысы өтті. Онда Үкіметтің комиссияның төрағасы, Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Роман Скляр, Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы Ермек Сағымбаев және Ішкі істер, Қорғаныс, Төтенше жағдайлар министрлері баяндама жасады.

Президентке Алматы қаласына қосымша күштер, соның ішінде ҰҚШҰ бітімгерлік контингентінің күштерін жұмылдыруға қатысты берген тапсырмасының нәтижесінде қала лаңкестерден толық тазартылғаны туралы баяндалды. Қазіргі уақытта қала тіршілігін қамтамасыз ететін барлық саланың жұмысын қалпына келтіру белсенді жүріп жатыр.

Қала әкімі Бақытжан Сағынтаевтың хабарлауынша, қаланы жылу, электр қуаты, су және газбен қамтамасыз ететін барлық нысан қалыпты жұмыс істеп тұр. Сауда орталықтары, қоғамдық тамақтану орындары, базарлар, жанармай бекеттері және өнеркәсіп орындары жұмыстарын жандандыруда, қоғамдық көлік іске қосылған.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа зардап шеккен әкімшілік ғимаратында 14 қалалық басқарма болғаны, қазіргі уақытта олардың резервтік ғимараттарға, сондай-ақ әкімшілікке қарасты ұйымдарға орналастырылғаны жөнінде ақпарат берілді. Бұдан бөлек, тәртіпсіздік кезінде келтірілген шығын көлемін анықтау жұмыстары жүргізілуде.

Мемлекет басшысы еліміздің ірі қаласына жасалған террористік шабуыл салдарын өз көзімен көру үшін Алматыға арнайы келгенін айтты.

Президент Үкіметтік комиссияға Алматы қаласының әкімдігімен бірлесе отырып, инфрақұрылым нысандарын, оның ішінде мемлекеттік, құқық қорғау және арнаулы құрылымдардың ғимараттарын, бейнебақылау жүйесін қысқа мерзім ішінде қалпына келтіруді тапсырды.

Сонымен қатар зардап шеккен кәсіпкерлерге қолдау көрсетілді.

– Өздеріңізге мәлім, Алматы – менің туған қалам. Осын-

да дүниеге келдім, оқыдым. Алдымызда қысқа мерзім ішінде қаланы қалпына келтіру міндеті тұр. Бұл – менің Президент ретінде және еліміздің азаматы ретінде парызым. Қаланың қалпына келетініне еш күмән жоқ. Үкіметтің алдында қаланың келбетін бұзғандар да жақсарту міндеті тұр. Бұл – өте үлкен жұмыс, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы алда ҰҚШҰ бірлескен бітімгерлік контингентінің бөлімшелерін қайтару жұмыстары жүргізілетінін айтты.

– Ертен ҰҚШҰ бірлескен бітімгерлік контингентін елден шығару жұмыстары басталады. Мен тиісті мемлекеттердің басшыларымен сөйлестім. Осы сәтті пайдаланып, осы бірнеше күнде жүргізген ауқымды жұмыстары үшін контингенттің басшылығына алғыс айтамын. ҰҚШҰ бітімгерлік контингентінің Қазақстанға, соның ішінде Алматыға келгені жалпы еліміздегі жағдайды тұрақтандыруда үлкен рөл атқарды. Бұл әрекеттердің лаңкестер мен содырлардың агрессиясын қайтаруда үлкен психологиялық маңызы болғаны сөзсіз. Миссия өте сәтті өтті. Менің әріптестеріме – Ұйымға мүше елдердің басшыларына үлкен алғыс білдіремін, – деді Президент.

Жедел штаб отырысының қорытындысы бойынша Үкіметтік комиссия мен жергілікті әкімдіктер бірлесіп қысқа мерзім ішінде барлық аймақтағы нысандарды қалпына келтіруге, үздіксіз транспорт жұмысын қамтамасыз етуге, азық-түлікпен қамтамасыз етуге, сондай-ақ шағын және орта бизнес нысандарының жұмысын жандандыруға күш салу тапсырылды.

«ОЛАР БОЛАШАҒЫ ҮШІН ӨЗ ЖАНДАРЫН ҚҰРБАН ЕТКЕН НАҒЫЗ БАТЫРЛАР»



Кеше Алматыда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев күштік құрылымдардағы қаза болған қызметкерлердің отбасы мүшелерімен кездесті.

Мемлекет басшысы қайғыра көңіл айтып, отбасы мүшелерімен әңгімелесті. Оларға мемлекет тарапынан жан-жақты қолдау көрсетілетінін атап өтті.

– Олар халқымыздың қауіпсіздігі үшін, еліміздің болашағы үшін өз жандарын құрбан еткен нағыз батырлар. Біз олардың ерлігіне тәнтіміз, ешқашан ұмытпаймыз. Олар халқымыздың жалдында мәңгі сақталады. Сіздердің

отбасыларыңыз назардан тыс қалмайтынына сөз беремін. Баспана болсын, балалардың оқуы болсын барлық мәселеге әрқашанда көмек көрсететін боламыз, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев әскери және қызметтік міндетін орындау кезінде көрсеткен батырлығы мен жанкештілігі, мемлекет мүддесін қорғау барысында көрсеткен ерліктері үшін біріне жар, біріне әке болған марқұмдарға берілген наградаларды туған-туыстарына табыс етті.

Атап айтқанда, ҰҚК Шекара қызметі академиясының кафедра бастығы Андрей Кабдиновтің жары мен ұлына II дәрежелі «Айбын» ордені, Алматы

қаласы Алматы ауданы полиция басқармасының полиция-жүргізушісі Әлен Асылхановтың жарына, сондай-ақ Алматы қаласы Алматы ауданы полиция басқармасының полиция-жүргізушісі Ринат Камбетовтің жарына III дәрежелі «Айбын» ордені берілді.

Содырлар қолынан қаза тапқан марқұмдардың туыстары – бұдан былай біздің елімізде дәл осындай қайғылы оқиғаның болмайтынына сенім білдірді.

БАҒА БАҚЫЛАУДА, ШЫҒЫН КӨЛЕМІ ЕСЕПТЕЛУДЕ

Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова Қызылорда қаласындағы бірқатар жанар-жағармай құю бекеттерін, бүлінген маңызды нысандарды, ірі сауда орындары мен тұрақтандыру қорының қоймасын аралап, қазіргі жағдайдың жай-жапсарын назарға алды.

БИҮЛ 1,3 МЛРД ТЕНГЕ ҚАРАСТЫРЫЛҒАН

Аймақ басшысы қаладағы ірі сауда нысандары мен май құю бекеттерін аралап, әлеуметтік маңызды тауарлардың бағасын тексерді.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың шұғыл шешімдерінің нәтижесінде қазіргі таңда облыста сұйытылған газ бағасы литріне 60-65 теңгеден, АИ-92 маркалы бензин орташа 180 теңгеден, дизель отыны 229 теңгеден саудалануда. Өңірде қажетті жанар-жағармайдан тапшылық жоқ.



2-бет

● ҮКІМЕТ

«МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ ЗОР СЕНІМІН АҚТАУЫМЫЗ КЕРЕК»

Күні кеше ҚР Премьер-Министрі Әліхан Смайылов жанартылған құрамда Үкіметтің алғашқы отырысын өткізді. Жаңадан тағайындалған Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыров, Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Қайырбек Оскенбаев, Энергетика министрі Болат Ақшоларов, Әділет министрі Қанат Мусин, Денсаулық сақтау министрі Ажар Ғиният, Ақпарат және қоғамдық даму министрі Асқар Омаров мемлекеттік қызметші антын берді.

«Бүкіл еліміздің басына ауырталық түсіп тұрған қазіргідей күрделі кезеңде біз Мемлекет басшысының зор сенімін ақтауымыз керек. Біздер – Үкіметтің жаңа құрамы, халықтың өмір сапасын жақсартуға, экономиканың өсімін сақтауға және пандемияны еңсеруге, лаңкестер мен бұзақы-тонаушылар келтірген орасан шығындарды қалпына келтіруге, елімізді жаппай дағдарыстан шығаруға бағытталған Президент тапсырмаларын орындау үшін бар күш-жігерімізді аямай

жұмыс істеуіміз қажет. Бұл – осындай аса ауыр жағдайда әлі ешқандай Үкіметтің алдында болып көрмеген өте күрделі де ауқымды міндет. Халық біздің жұмысымыздан нақты нәтиже күтеді», – деді Ә.Смайылов.

Отырыста ҚР Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың биылғы 11 қаңтарда Парламент Мәжілісінде сөйлеген сөзінде берген тапсырмаларын орындау жөніндегі шаралар қаралды. Бірқатар министрлер мен агенттік төрағалары баяндама жасады.

2-бет

● САРАП

Әлем дәстүрлі энергиядан бас тартуға әзір ме?



Бұл – бүкіл әлемдік көлемде көтеріліп жатқан мәселе. Оның саяси астары да жоқ емес. Осыдан біршама уақыт бұрын Шотландияда әлемнің көптеген елдері басшылары бас қосып, дәстүрлі энергиядан бас тарту, оның орнына жел, күн, тағы басқа баламалы энергия көздерін дамыту, жай ғана дамыту емес, шұғыл түрде өрістетуге мәселесін қойды.

С.Б. Жолдасбек АҚСАҚАЛОВ,
«Сыр бойы»

Әлем жұртшылығының алаңдауының негізі бар. Ғалымдар дабыл қағуда. Жыл сайын температура 2-3 градусқа өсуде. Әлемнің мұзды аймақтары еріп, келешекте көптеген елдерді топан су басып кету қаупі бар. Қазірден бастап шара қолданбаса болмайды. Бұл – мәселенің бірінші, маңызды қыры.

Екінші жағы бар. Ол – саясат. 2021 жылдың күз айынан бүкіл Еуропа Ресейдің «Газпром» компаниясымен қырғибақ соғыс жүргізіп жатыр. Баға мың текше метрге ә дегеннен 1500 доллардан асып түсті. Қазірдің өзінде баға төмендеген жоқ. Баға неге қымбаттайды? Себебі баламалы отын түрі жоқ. Тіпті оның үлесі алдағы жылдары көбейеді дегенге үміт арту қиын. Сонда жоқ энергияны өндіру қажеттігін алға тартып, өзүреудің қажеті қанша? Бірақ бір мәселе айқын. Таяу болашақта, яғни, 30-40 жыл шамасында дәстүрлі отынның орнына баламалы энергия көздерінің пайда болатынына ешқандай күмән келтіруге болмайды.

3-бет

● САУЛЫҚ – САҚТЫҚТА

Өңірде коронавирус инфекциясының эпидемиологиялық ахуалы күрделеніп барады. Мамандардың айтуынша, оған басты себеп – азаматтардың сақтық шараларына сағырт қарап, санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды орындамауы.

ҚЫЗЫЛОРДА «САРЫ» АЙМАҚҚА ЕНДІ

Мәселен, кешегі мәлімет бойынша өңірде 125 адам коронавирус инфекциясын жұқтырған. Қазір облыс еліміздегі эпидемиологиялық ахуалды бағалау матрицасында «сары» аймаққа енді. Жаңа жылдың алғашқы он күнінде 200 тұрғыннан індет анықталған. Мамандардың айтуынша, бұл өткен желтоқсан айындағы барлық тіркелген деректен 28 процентке жоғары. Тәуліктік көрсеткіш те жылдам көтерілуде.

Жалпы 2020 жылдың наурыз айынан бері облыста коронавирус жұқтырған 19759 науқас тіркеліп, олардың 18969-ы жазылып шыққан.

– Аймақта жұқпалылығы жоғары «Омикрон» штаммының болуы ықтимал деген болжам бар. Өңірде құрылған 167 мониторингтік топ тұрғындардың және кәсіпкерлік нысандарда карантин талаптарын сақтауын тұрақты бақылауда. Әлемдегі коронавирус инфекциясының күрделі ахуалын ескере отырып, азаматтарды карантин талаптарын жауапкершілікпен орындауға, вирусқа қарсы вакциналауға шақырамыз, – дейді облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті мамандары.

Ал 12 қаңтардағы жағдай бойынша өңірлердегі эпидемиологиялық ахуалды бағалау матрицасында «қызыл» аймақта Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалалары, Атырау облысы тұрса, «сары» аймақта Қызылордадан бөлек Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Павлодар, Қарағанды, Маңғыстау облыстары бар. Ақмола, Алматы, Түркістан, Жамбыл, Қостанай, Солтүстік және Шығыс Қазақстан облыстары «жасыл» аймақта. 12 қаңтарда елде коронавирус инфекциясын жұқтырған 4810 жағдай тіркелді. Осылайша індет жұқтырғандар саны 1004464 адамға жетті.

Денсаулық сақтау министрі Ажар Ғиният Үкімет отырысында елде «Омикрон» штаммының анықталуына байланысты эпидемиологиялық жағдайға болжам жасады.

– Оптимистік сценарий кезінде, ревакциналаумен 100 процент қамтып, алдын алу шараларын жаппай сақтағанда тәулігіне 17 мыңнан аса жағдай тіркеледі. Реалистік сценарийге сәйкес, ревакциналаумен 70 процент қамтылған жағдайда тәулігіне 25,5 мың науқас тіркелуі мүмкін. Пессимистік сценарий бойынша, алдын алу шарасын сақтамай, ревакциналаумен 40 процент қамтылғанда тәулігіне 40 мың жағдай тіркелуі мүмкін, – деді ол.

Мамандардың айтуынша, ауруды ауыздықтаудың жалғыз жолы – вакциналау. Аймақ вакциналау көрсеткіші бойынша республикада алғашқы бестікте. Қазіргі кезде облыс тұрғындарының 92,4 проценті екпенің бірінші компонентін алса, 86,2 проценті толық курсынан өткен. Өңірде тұрғындарды имундауға арналған вакцина қоры жеткілікті.

Облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті мамандары әлемдегі күрделі эпидемиологиялық ахуалды ескере отырып, азаматтарды карантин талаптарын жауапкершілікпен орындауға, індетке қарсы екпе алуға шақырады.

«СБ» ақпарат



● ПРЕЗИДЕНТ

ЗАРДАП ШЕККЕНДЕРМЕН ПІКІРЛЕСТІ

Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Алматы қаласына жұмыс сапары барысында жедел медициналық көмек көрсету ауруханасында болып, террорлық акті кезінде зардап шеккен азаматтармен әңгімелесті.

Президент жараланғандардың хал-жағдайларын сұрап, олардың тезірек сауығып кетуіне тілектестік білдіріп, сондай-ақ дәрігерлермен сөйлесті. Күштік құрылымдардың зардап шек-

кен барлық қызметкеріне көмек көрсетіледі.

Дәрігерлердің айтуынша, зардап шеккен азаматтардың бәріне дер кезінде жан-жақты медициналық көмек көрсетілген.

Сондай-ақ Президент Алматыдағы Полиция департаменті Шұғыл әрекет ету басқармасының орталығына барды.

Мұнда қала аумағындағы шұғыл жағдайлар туралы түскен ақпараттар тәулік бойы үздіксіз жиналып, оларға талдау жасалады және құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстары жүргізіледі.

Президентке қаладағы террористік акті кезінде бұзақылардың мақсатты түрде 20 көшеге орнатылған 493 бей-

некамераны, бейнебақылауды басқару және байланыс жүйесінің техникалық жабдықтарын істен шығарғаны жөнінде баяндалды.

Үкіметтік комиссия мен әкімдікке бақылау жүйелерін түгелдей қалпына келтіру тапсырылды. Қаладағы тәртіпті 10 мыңға жуық бейнекамера бақылайтын болады.

«МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ ЗОР СЕНІМІН АҚТАУЫМЫЗ КЕРЕК»



Үкімет басшысы Әліхан Смайылов Ұлттық экономика министрлігіне мемлекеттік органдармен және ұйымдармен бірлесіп, биылғы жылдың 20 қаңтарына дейін Үкіметтің 2022 жылға арналған іс-қимыл бағдарламасының жобасын әзірлеуді, қысқа мерзім ішінде ШОБ-қа мемлекеттік қолдау шараларын ұсынудың ашық әрі түсінікті тетіктерін әзірлеуді және даму институттары (ҚДБ, «Даму» қоры және т. б.) жұмысының тиімділігіне талдау жүргізуді тапсырды.

Сондай-ақ Ұлттық экономика министрлігіне Ұлттық банкпен және «Атамекен» ҰКП-мен бірлесіп инфляцияға қарсы әрекет ету шараларының кешенін өзекеңдіру, бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу үлесін қысқарту тұрғысынан «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу тәртібін түбегейлі қайта қарау және осы акционерлік қоғам мен оның еншілес компанияларының сатып алуды жүзеге асыруды бүкіл процестің қайта қарау жүктелді. Аталған министрлік сонымен қатар Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігімен, Қаржы, Әділет министрліктерімен және «Атамекен» ҰКП-мен бірлесіп, биылғы жылдың I ақпанына дейін бәсекелес ортаға беру-ге жататын активтерді іріктеу тәсілдерін пысықтап, Үкімет қаулысының тиісті жобасын әзірлеу және енгізуді жүзеге асыруы тиіс.

Орталық пен өңірлер арасындағы бюджетаралық өзара қарым-қатынастардың айқын қағидаларын қалыптастыру мақсатында Премьер-Министр бюджет заңнамасына түзетулер топтамасын дайындауды және жалпы сипаттағы трансферттерді есептеу әдістемесін жетілдіруді де міндеттеп отыр. Ұлттық экономика министрлігіне сонымен бірге мүдделі мемлекеттік органдармен, батыс және оңтүстік өңірлердің – Ақтөбе, Алматы, Атырау, Батыс Қазақстан, Жамбыл, Қызылорда, Маңғыстау және Түркістан облыстарының әкімдіктерімен бірлесіп, «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы және басқа да салалық бағдарламалар аясында жекелеген бағыттар әзірлеуі қажет.

Президенттің сынына ұшыраған LRT жобасына қатысты да мәселе өзекті болып тұр. Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігімен бірлесіп, жобаны одан әрі пайдалану ұсынары бойынша нақты ұсыныстар енгізуді қажет. Үкімет басшы-

сы сондай-ақ, утилизациялық алым мәселесін, мұнай өнімдері нарығын реттеу жөнінде шаңдармен кешенін қысқа мерзімде әзірлеу керектігін өткір қойды. «Самұрық-Қазына» АҚ реформалау бойынша нақты ұсыныстар қажет. Көктемгі егіске тиянақты түрде дайындық керек. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерді материалдық-техникалық қамтамасыз ету күн тәртібінен түспеуі тиіс. Ал, ІІМ мен ТЖМ құқық қорғау жүйесін реформалау жөніндегі жұмысты сапалық нығайту жөнінде ұтымды ұсыныстар енгізуге міндетті.

Үкімет басшысы Қорғаныс министрлігіне Ұлттық экономика, Индустрия және инфрақұрылымдық даму, Қаржы министрліктерімен бірлесіп, арнайы бөлімшелердің әскери қызметшілерінің табысын арттыру, әскери-көлік авиациясымен, қару-жарақпен және әскери техникамен жарактандыру мәселелерін пысықтауды тапсырды.

Тағы бір толғақты мәселе – жұмысқа орналасуға және әлеуметтік қолдауға мұқтақ азаматтардың нақты санын анықтап, әлеуметтік-енбек саласын сапалы жаңарту бойынша жұмыс барынша пысықталуы тиіс.

Ұлттық экономика, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрліктері бір ай мерзімде халықтың табысын арттыру жөніндегі бағдарлама жобасын әзірлеуі қажет.

Білім және ғылым министрлігі мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, мұғалімдер тапшылығы бар өңірлер үшін әлеуметтік қолдау шараларының тиісті пакетімен педагогтарды тарту бағдарламасын әзірлеп, беделді шетелдік жоғары оқу орындарының 5 филиалын ашу жөнінде шаралар қабылдайды.

Премьер-Министр бұл ретте мемлекеттік білім беру тапсырысы жобасында техникалық бағыттар бойынша, бірінші кезеңде, батыс өңірлерде гранттар санын ұлғайту, халық тығыз қоныстанған өңір жастарының жоғары оқу орындарында білім алуы үшін нысаналы гранттар көздеу қажеттігін атап өтті.

Үкімет басшысы алғашқы отырыста биылғы I ақпанға дейін «Қазақстан халқына» де қоғамдық әлеуметтік қорын құру мәселелерін пысықтау қажеттігін де еске салып өтті.

«Бүгінгі жағдайдың қанша-лықты күрделі екенін барлықтарыңыз жасық білесіздер. Барыныша біркісідей жұмылып, үйлесімді жұмыс істеуіміз қажет», - деді Ә. Смайылов.

БАҒА БАҚЫЛАУДА, ШЫҒЫН КӨЛЕМІ ЕСЕПТЕЛУДЕ



Облыс әкімі «Sinooli» және «Qazaq Oil» жанар-жағармай бекеттеріне барып, жауапты сала басшыларына бензин және дизель отынының құны бекітілген шекті бағасынан аспау керектігін айтты. Сондай-ақ, тапшылықты туындатпау үшін нақты қаламдарды алдын ала әзірлеу және отыр қорының жеткілікті болуын тұрақты қамтамасыз етуді тапсырды.

Облыс әкімі «Small» және «Magnum Cash&Cartu» сауда үйлеріндегі азық-түлік қоры мен күнделікті маңызы бар өнімдердің бағасымен танысты. Әсіресе, көкөніс өнімдері мен ұнды бекітілген шекті бағадан асырмауды міндеттеді және бірқатар ескертулер берді.

1-бет

Айта кетейік, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағасын мемлекеттік реттеуде облыста жыл сайын жергілікті бюджеттен қаржы бөлініп, тұрақтандыру қоры толықтырылуда. Биылдың өзіне 1,3 млрд теңге қарастырылып отыр.

Аймақ басшысы облыс орталығындағы тұрақтандыру қоры қоймасының жұмысымен де танысты. Қазіргі таңда өңірде азық-түлік қорында тапшылық жоқ. 34 әлеуметтік дүкен қалыпты жұмыс істеуде. Тұрақтандыру қорының қоймасында 1,5 мыңға жуық тонна өнім сақталып, төмен бағада сатылуда.

Әлеуметтік маңызы бар тауарлардың бағасы мен азық-түлік қорының жеткілікті болуы күнделікті бақылауда.

– Қазіргі таңда тұрақтандыру қорында

● ПІКІР-ПАЙИМ

Алдағы даму бағыттары белгіленді

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Парламент Мәжілісінің отырысында сөйлеп, өзінің алдағы уақытта ел дамуына екпін беретін келеді мәселелер кенінен қамтылды. Онда мемлекеттің өсіп-өркендеуіне бағытталған саяси және әлеуметтік-экономикалық бағыттар белгіленді.

Президент сөз басында тәуелсіздік тарихында алғаш рет аса күрделі және қатерлі кезеңге тап болғанымызға тоқталды. Ел басына түскен осындай сынақты қайыспай біртұтас ел болып еңсере білдік. Елімізде халықтың жағдайын және азаматтардың өмір сапасын жақсартуда бірқатар жұмыстар атқарылды. Дегенмен, әлі күнге дейін шешімін таппаған мәселелер баршылық. Қазақстан тұрғындарының өмірін жақсарту бағытында жалақы мен зейнетақыны өсіру жүзеге асты. Алайда, сол уақытта бағаның өсу проблемасы алдымыздан шықты. Жоғары инфляция ел экономикасының негізгі проблемасы ретінде қалып отыр.

Осы орайда Президент аталған түйткілді шешудің нүктесін коу керектігін назар аударып, бұл бағытта нақты нәтиже қажет екенін атап көрсетті.

Елімізде Қызылорда облысы аграрлық аймақтың қатарында саналады. Сондықтан осы өңірден сайланған депутат ретінде Мемлекет басшысының ауыл шаруашылығы саласын дамытуға бағытталған ұсыныстарына назар аудардым.

Ғалым ӘМІРЕЕВ,
Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаты

Жаңа кезең жауапкершілігі

Сонымен, Тәуелсіз қазақ елінің жана дәуірі басталғандай әсерде қалып отырмыз. Қалай десек те тұтас елде дүрбелең туыдырған қаңды оқиға таралып, оның салдары бетін ашып берді. Алып қана қоймай, ендігі жерде елдікті сақтап, еңсемізді қалай тіктей түсеміз деген тағдырлы сәт туып тұрғанын алдымызға көлденең тосты.

Үкімет ауысты. Мәжілісте ҚР Премьер-Министрі лауазымына Әліхан Смайыловтың кандидату-расы бірауыздан қолдау тапты.

«Әліхан Смайыловтың Үкімет басшысы болып тағайындалуы негізгі шешім. Оның мемлекеттік қызметке үлкен тәжірибесі бар, саяси қайраткер. Қазір мемлекет пен қоғам үшін бұл өте қажет» деген пікір білдіріп жатыр сарапшылар. Мәжілісте Президент Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің жана бетбұрыс кезеңіндегі өткір де өзекті, маңызды деген мәселелерге терең талдау жасады. Мемлекет басшысы алдымен еліміз дұшар болған ауыр қасіреттің себебін саралап, салдарына нақты баға беру керектігін шегелей айтты.

«Тәуелсіздік тарихында біз алғаш рет аса күрделі және қатерлі кезеңге тап болдық. Ел басына түскен осындай сынақты қайыспай

біртұтас ел болып еңсере білдік. Енді біз мұндай жағдайға ешқашан жол бермеуіміз қажет. Сондықтан еліміз дұшар болған ауыр қасіреттің себептерін саралап, оның салдарына нақты баға беру – алдымызда тұрған өте маңызды міндет», – деп атап өтті Президент.

Мемлекет басшысы сондай-ақ, халық арасында осы оқиғаға байланысты түрлі қарама-қайшы, шындыққа жанаспайтын жалған ақпараттар тарап кеткеніне де алаң білдірді.

«Мұның, әрине, бірнеше себебі бар. Кей азаматтарымыз ахуалды егжей-тегжейлі білмей тұрып қате пікірде болса, кейбірі әдейі ақпаратты бұрмалап, жағдайды одан бетер ұшықтырады. Бірақ, бізге керекті тек ақиқат қана. Сол себепті, оқиғаларды мұқият зерттей отырып айтарым – жыл басынан бері болған барлық жағдайлар бір тізбектің тармақтары деуге толық негіз бар. Сондай-ақ, Мемлекет басшысы атап өткендей, сыбайлас жемқорлықтың неі мүлкіп тұрған ЛРТ жобасы сынды елдің абырой-беделіне нұқсан келтіретін күрделі проблемалар бар.

Халықтың шымбайына бата-тын қарыз, яғни, несие мәселесі, кедейлікпен күрес, жұмыссыздық туралы да Президент Үкімет алдында өте маңызды іс-шаралар тұрғанын жеткізді.

Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің барлық жүйесінде түбегейлі қайта құру жасалады. Жастар мәселесі, оның ішінде халықтың әлеуметтік осал тобындағы жастарды қолдау аясы да

Жастарға деген қамқорлық алға жетелейді

Елордада Парламент Мәжілісінің жалпы отырысы өтіп, онда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев саяси және әлеуметтік-экономикалық салалардағы өзекті мәселелерді шешу бойынша ауқымды баяндама жасады және жана Үкіметке нақты тапсырмалар жүктелді. Президенттің мәлімдемесі кешегі қайғылы оқиғалардан есін енді ғана жиган халқымыздың ертеңге деген сенімін нығайтып, болашаққа деген үмітін жалғандай болды. Мемлекет басшысының мәлімдемесінде нақтыланған міндеттер орын алған бірқатар мәселелерді шешуге бағытталғанын байқалдық. Әсіресе Президенттің жастарға көңіл бөлуі бізді қатты қуантты. Ұлттың болашағы, мемлекеттің ертеңі біз секілді жастардың қолында екені сөзсіз. Олай болса олардың білім алуына, өмір сүруіне қамқорлық таныту – аға ұрпақтың бір парызы. Осы ретте Президент өзінің жастарға деген ағалық қамқорлығын көрсетуде деп ойлаймын. Әсіресе жастар арасындағы жұмыссыздықты жоюға назар аударуы, олардың бастамаларын қолдау тәрізінде айтылған міндеттер менің қатарластырдым, яғни, жастар өкілдерін қанаттандырғаны белгілі.

«Жұмыссыздық дегенің түсіруге ерекше назар аудару керек. Әсіресе жастар арасында. Жоғары оқу орындарының, колледждердің түлектері, әсіресе, Олай жоқ жастардың тұрақты жұмысқа орнала-су мүмкіндігі әрдайым бізде бермейді. Мұны біз жасық білеміз. Кездейсоқ нәпақаман күн көріп жүр. Кейбіреулері табыс іздеп жүріп зияннан аттап кетуі мүмкін», – деген Мемлекет басшысы жастардың бас-тамаларына қолдау білдірудің жана тетіктері керек екенін атады. Сонымен қатар жастардың бастамасына берілетін гранттар құны 400 АЕК-ке дейін артатынын айтты.

«Үкіметке «Жастар іс-тәжірибесі» және «Алғашқы жұмыс орны» жобаларына қатысудың мерзімін созып, енбекқасқын көтеру мүмкіндігін қарастыруды тапсырамын. Халықтың әлеуметтік осал тобындағы жастардың іскерлік бастамаларын іске асыруға жағдай жасау маңызды. Үкіметке тиісті

облыстық филиалында террорлық әрекет салдарын жою бойынша жасалып жатқан жұмыстарды көрді. Нысанның 45 проценті өртке оранып, мүлкіне зәлал келген. Қазіргі таңда шығын көлемі есептелуде.

Ал, террористік әрекет салдарынан облыстық сот ғимаратының 460-қа жуық құрал-жабдығы мен 300-ден астам офистік техникасы жарамсыз күйге түскен. Қазір ғимаратты тазалау мен қалпына келтіру жұмыстары қолға алынған.

Облыс басшысы шығын көлемі нақты дәлелді есептемелермен, құжаттармен расталуы керектігін ескертті.

– Төтенше жағдайдан зәлал келген ғимараттарға Үкімет резервінен қажетті қаражат бөлінеді. Ол алдағы уақытта белгілі болады. Ал оған дейін біз дайындық жұмыстарын жүргізіп, келтірілген шығын көлемін нақтылап жатырмыз. Қажетті сома бөлінген соң, қайта қалпына келтіру жұмыстарын бастаймыз. Жалпы 8 әкімшілік ғимараттың шығын көлемі 6 млрд теңге көлемінде есептелді.

Аймақтағы бизнес өкілдерінің шығындарын өтеу жөнінде мемлекет міндеттеме алды. Террорлық әрекет салдарынан облыста 15 кәсіпкерлік субъектісіне зиян келіп, оның көлемі шамамен 395 миллион теңгеден асты. Бірақ басты принцип – шынайылық болу керек. Шығын көлемі нақты құжаттармен рәсімделуі тиіс, – делі Гүлшара Әбдіқалыкова.

Мұнан соң, аймақ басшысы қалалық полиция басқармасының ғимаратында болып, қалпына келтіру жұмыстарымен танысты.

Айта кетейік, террорлардың шабуылы облыс әкімдігінің ғимаратында да орын алды. Басбұзарлар әкімдік ғимаратында есік-терезелерді сындыру, офистік техникаларды ұрлау, қызметтік автокөліктерді өртеу әрекеттеріне дейін барған. Жалпы 1-3 қабаттағы кабинеттерге зақым келген.

«СБ» ақпарат

гранттардың мөлшерін 2 есе – 400 айлық есептік көрсеткішке дейін көбейту жүктеледі», – делі Мемлекет басшысы.

Сондай-ақ, Президент 2025 жылға қарай елімізде беделді шетелдік бес жоғары оқу орнының филиалын ашуды тапсырды және оның екеуі техникалық бағытта болатынын да айтты. Бұл білімге құштар жастардың талабын шыңдауға, елде білікті жастардың көбеюіне үлкен септігін тигізетін оң бастама екені белгілі.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Мәжіліс отырысында жастардың әскери борышын өтеуден қашатынын сыңға алды.

«Баса назар аударуды қажет ететін тағы бір мәселе бар. Көптеген жас азаматымыз Қарулы күштер қатарына әскери борышын өтеуден қашады. Әскери билетке не болу жастардың мақтанышын тудырмайды және Отанға қызмет етудің белгісіз саналмайтын болды. Армия қатарында қызмет ету, құқық қорғау саласында жұмыс істеу – айрықша миссия. Бұл Отан үшін жаның салуға бел бұған азаматтардың саналы тандауы. Жастарымызды әскери борышын өтеуге қалай ынталандыруға болатынын бүкіл қоғам болып ойластыруымыз керек», – делі Мемлекет басшысы.

Президенттің бұл сыны өте орынды. Әскерге бармайтын, әскери борышын өтеуден қашатын жастардан отансүйгіштік, елжандылық әрекет күтудің өзі қиынсыз деп ойлаймын. Сондықтан жастарға, қатарластарыма айтылған бұл сынды дұрыс қабылдаймын әрі сынды түзетуге атсалысуымыз керек деп білемін. Ойткені кешегідей ел басына күн туған қиын сәтте өз елімізді, жерімізді өзімізден басқа ешкім қорғамайды, өзімізден басқа ешкімнің жаны ашымасы анық.

Мағжан ЕРӨЛІЕВ,
«Абзал және К»
толық серіктестігі директоры,
«Сыр үміті»
жастар қауымдастығының төрағасы

рымдары түсіп отырады. Әрине, біз ірі бизнес тарапынан ауқымды және тұрақты, астын сызып айтпайын, тұрақты аударымдарды күтеміз.

Тұңғыш Президент – Елбасының арқасында елімізде өте табысты компаниялар тобы және тіпті халықаралық өлшемдер бойынша да өте бай адамдар пайда болды. Енді олардың Қазақстан халқына құрмет көрсетіп, оған жүйелі және тұрақты негізде көмектесетін кезі жетті деп санаймын. Сондықтан Үкімет компаниялар тобын анықтап, қорға жыл сайын аударылатын жарналар мөлшерін бекітуі керек. Оған қоса, үлкен қаражатқа ие болып, көлемде жүрген тұлғалардың да белсенді қатысуын күтемін. Бұл қор қоғамды топтастыратын тағы бір құралына айналып, азаматтарда әлеуметтік әділет сезімін нығайта алатынына сенімдімін», – делі бұл ретте Қасым-Жомарт Тоқаев.

Шын мәнінде Қазақстан шынайы жаңару кезеңіне қадам басты. Ендігі жерде ел бірігіп бекем, Тәуелсіздігіміз тұғырлы болғай!

Бақыт НҰРТАЗАЕВ,
еңбек ардагері

● ҚОҢАЕВ – 110

Халқына адал қызмет еткен қайраткер

Қазақ халқында: «Атаның баласы емес, адамның баласы бол, халқына қалаулы, еліне елеулі азамат бол!» деген өте мағыналы тілек-бата бар. Қазақстанды ұзақ жылдар басқарған Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев – дәл осы айтылған тілекке лайықты адам болған. Ол 1912 жылы 12 қаңтарда қазіргі Алматы (Верный) қаласында дүниеге келген. Алматыдағы №14 орта мектепте білім алған. Оның өмір жолы том-том кітапқа арқау болады. Сондықтан оның қазақ еліне еткен еңбегі, тарихтағы орны, басшылығы кезіндегі еліміздің жеткен жетістіктеріне қысқаша тоқталғанды мақсат еттік.

1920-жылдан бастап қазақ елін 20-ға жуық басшы басқарған екен. Олардың ішінде қазақ еліне жақсылық жасамақ түгілі тізесі батқандары, болғаны тарихтан белгілі. Д.Қонаев өзінің бар қабілетін, ақыл-ойын, білімін, күш-жігерін өз халқының әл-ауқатын жақсартуға, еліміздің өзге елдермен тең дәрежеде өркендеуіне жұмсады. Оған халқымыздың мұң-мұқтажын,

жастайынан көріп-біліп өскендігі, өмірден, ата-анасынан алған жақсы тәлім-тәрбиесі де себеп болған шығар. Мінезі қарапайымдылығы, қайырымдылығы халыққа өте жақын болуына әсерін тигізгені рас.

Оның халықты жоғары бағалағанын мына мысалдан-ақ байқауға болады. Кезінде ақын-жазушы, композиторлар ол кісіге арнап ән де, өлең де жазғылары келген. Димекен ондайларға



қазақ тыйым салған. Нұрғиса Тілендиев ән арнамақ болғанда, көмекшісі Дүйсетайға: «Нұрғиса ініне айт, ықыласына рахмет, әнін маған емес, өзін аялап отырған халқына, еліне арнасын» депті. Нұрғиса ағамыздың «Өз елім» әнінің шығу тарихы осындай екен.

Димаш Ахметұлы туралы естеліктерде оның кенеп-йілді, қайырымды, сабырлы, салмақты, екі тілде де еркін сөйлейтіні, парасатты адам болғаны айтылады. Қызмет бабында, күнделікті өмірде болсын ашу шақырып, дауысын көтеру, біреулерге қатты ұрысу әдетінде болмаған. Үлкен-кіші адамдармен ашық-жарқын сөйлесіп, еркін араласқан. Жұмысына ешбір оккағарсыз, көліксіз жаяу барғанды ұнатқан. Кісі баласын жамандап, сыртынан сөз айту, ғайбаттау дегенді білме-

ген. Өзін жамандаған адамдарға да кешіріммен қараған. Біреулермен өштесу, кек сақтау дегенді білмеген. Естелік кітабында «Мен ештеңеге, ешкімге де өкпелемеймін, бұл – менің өмірім» деп сыр ақтарғаны бар. Жаратушы иеміздің кең бітім, жомарт мінезбен даралаған, кісілігі зор адамы ғана осындай сөздерді айта алса керек.

Димекеннің тұсында еліміздің экономикасы алға басып, халқымыздың тұрмыс-жағдайы түзелді. Алыс ауылдарға жол салынды. 1960 жылы елімізде 26 ғана жоғары оқу орны болса, 1986 жылы оның саны 55-ке жетті. Барлық облыстарда пединституттар, кәсіптік-техникалық училищелер ашылды. 1960 жылы елімізде студенттер саны 70 мың, 1986 жылы 275 мың болды. Қанша ғимараттар, театр, мектеп, балабақшалар са-

ланды. «Қазақстан» қонақ үйі, «Медеу» мұз айдыны, «Үлкен Алматы» каналы, ҚазМУ ғимараты, политехникалық, энергетика институты, т.б. салынды.

Халықтың әл-ауқаты түзелгеннен кейін саны да өсті. 1960 жылы қазақтың саны 3 миллионға, 1985 жылы 7 миллионға жетті. Ол кезде биліктің тізгіні Мәскеудің қолында еді. Орталықтың тас құрсауында болсақ та, Қонаевтың көрегендік қасиетінің арқасында еліміз өркендеді.

Кеңес Аухадиевтің айтуынша, Димекен оңашада өзіне өте жақын жандарға: «Тәуелсіз ел болғанда өз мәселемізді өзіміз шешетін едік» дейді екен. Димекен халық үшін туған ерекше жаралған ұлы бабаларымыздың қатарында тарихта қалды.

Айбол БИТУҒАНОВ

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев кейінгі Жолдауында елімізде 2030 жылға қарай электр қуатының тапшы болатынын мәлімдеді. Президент әлемдік тәжірибеге сүйене отырып, оның онтайлы шешімі – бейбіт атом делі. Бұл орайда бір жылдың ішінде Қазақстанда қауіпсіз әрі экологиялық таза атом энергетикасын дамыту мүмкіндігі зерттелуі тиіс. Сонымен бірге Президент «жасыл» сутегі өндірісі, жалпы сутегі энергетикасы болашақта үлкен бағыттар екенін атап көрсетті.

Қазақстан әлемдік үдерістен қалмайды. Көшімді Ресейде үлкен серпілістер жүзеге асып жатыр. Үйреншікті Батыс Ресейдің табиғи шикізат бойынша әлемде алдыңғы қатарда келе жатқанын қаламайды. Қазақстанның бай шикізат қоры бар екенін білетіндер бізді де ұната қоймайды. Бұл әлемдік саясатта орнықты ұстанымның біріне айналды. Не істеу керек?

Президент кейінгі Жолдауда бұл мәселеде айқындық танытты. Біздің дүниежүзілік үдеріске бұрыннан дайындығымыз бөтен емес. Өзірге дәстүрлі ресурстармен бірге отынның табиғи түрлерін пайдалану тәсілдерін қатар жүргізіміз керек. Бүгінгі өмір заңдылығы осындай.

Халықаралық энергетика агенттігі, Дүниежүзілік энергетикалық кеңес, МАГАТЭ тәрізді ұйымдардың сараптамасына назар салсақ, 2050 жылға дейін әлем бойынша энергияға деген сұраныс көлемі ұлғаймақ. Бұл саладан 90%-ке дейінгі өсімді Үндістан, Таяу Шығыс елдері мен Қытай қамтамасыз етеді. Сондай-ақ бүгінде жеріндегі табиғи кен орындарын игеруде үнемшілдік танытып отырған АҚШ болашақта мұнай мен газды экспорттаушы мемлекетке айналуы мүмкін. АҚШ мұнай өндірісінен Сауд Арабиясынан да озып кетеді деп болжануда. Әлемдік мұнай өндірісі көлемінің ұлғаюы дәстүрлі емес қорларды игеру арқылы жүзеге аспак. Өндірістің келешегі көлік индустриясымен де байланысты.

Мұнайды пайдалану көрсеткіші тұрғысынан Үндістан, Қытай және Таяу Шығыс елдері алдыңғы орыннан көрінеді. Ал Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына кіретін 29 мемлекетте мұнай өндірісі азаймақ. Сондай-ақ, Қытай, Үндістан және Таяу Шығыс елдерінің үлесінен газ өндірісінің көлемі де ұлғаяды. Экономикалық даму жөнінен алдыңғы орында тұрған АҚШ-та газ өндірісіне басымдық беріледі. Еуропаны газбен Каспий аймағы қамтамасыз ететін көрінеді. Қазір дүниежүзі бойынша сығылған газ өндірісінің көлемі де біршама ұлғайып келеді. Тиімділігі жоғары технологияларға адамзат толығымен көшу үшін 15 жылдай уақыт керек. Осы уақыт ішінде мұнай мен газ ең қажетті ресурс болып қалады.

Дәстүрлі емес ресурстардың негізгі бөлігі Қытай, АҚШ және Австралияға тиесілі. Бірақ әлем бойынша ресурстардың бұл түрі әлі толық игерілмеген. Қазіргі техникалық, экономикалық және әлеуметтік жағдайларда кенінен қолданысқа ел болмаған минералды шикізат көздері болашақта



Әлем дәстүрлі энергиядан бас тартуға әзір ме?

дәстүрлі минералды ресурстар таусылғанда қолданысқа енебек. Дәстүрлі емес ресурстар жаңа технологиялар енгізілгенде кенінен игерілетін болады. Қазіргі таңда ғалымдар ресурстың бұл түрін тиімді пайдалану жағын зерттеу үстінде.

Негізгі энергия көзінің бірі көмір екені белгілі. Дүниежүзілік энергия айналымында көмірдің үлесі өседі деп күтілуде. Германия көмір электр-станцияларын іске қосуға дайындалуда. Көмір өндірісіне қатысты таза технологиялар іске қосылғанда оның әлем бойынша өндірістік үлесі артады екен. Әзірше көмірдің зиянды әсерін төмендететін технологиялар жасыл технологияларды пайдалану жатқан бірнеше мемлекетте ғана енгізілген. 2011 жылдың наурызында Жапониядағы «Фукусима-дайичи» апатынан кейін атом генерациясынан бас тарту жөнінде көп айтыла бастады. Алайда мамандар атом энергетикасы өндірісі тұрақты болып қалатынын айтады.

Радиоактивті қалдықтарды көму мәселесі толық шешілмейінше атом энергетикасы мәселесі де күрделі күйінде қала бермек. Бүгінгі таңда халықаралық мамандар энергия өндірісінің тиімділігін арттыру мәселесін кенінен талқылауда. Энергия үнемдеуді барлық мемлекеттер мақсат етіп қойғанмен, бұл саладағы тиімділікті арттыру өз деңгейінде жүзеге асты деуге болмайды. Энергия тиімділігіне инвестиция салына энергетикалық қауіпсіздік пен экономикалық өсімге және экологиялық мәселелерді шешуге септігі тиер еді. 20 жылдан кейін энергияның жанар-тылған түрлері бүкіл электр энергиясының үштен бірін алатын болады. Қазіргі кезде өндірілетін энергияның тек төрттен бірі ғана жанар-тылған түрі болып отыр.

Халықаралық энергетика агенттігінің мәліметіне сұ-

йенсек, 2035 жылға дейін дүниежүзінде қазба байлықтың үлесі мұнай 27, газ 25, көмір 24% деңгейінде болады деп күтілуде. Ал атом энергетикасының орнын энергияның жанар-тылған түрлері басады.

Сондай-ақ, 30 жылдан соң нанотехнология негізінде отынның жаңа түрлері пайда болады. Оған қоса сутегі энергетика өндірісі өспек. Сутегі отынмен жүретін көлік түрлерін пайдалану мақсатында энергетиканың осы түрі кенінен қолданысқа енеді. Энергияның жаңа түрлерінің дамуымен қатар адамзат технологиялық дамуының шыңына жетеді. Бұл тұрғыда, «әлемді энергетикамен экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына кірмейтін мемлекеттер қамтамасыз етеді» деген болжам бар.

Бытырғы Жолдауында Президент «Әлемнің таяудағы даму келешегінде арзан атом энергиясына деген қажеттілік өсе түсетін болады. Қазақстан – уран өндіруді әлемдік көшбасшы. Біз АЭС отыны үшін төл өндірісімізді дамытып, атом стансасын салуға тиіспіз» деді. «Kazenergy» агенттігінің «Ұлттық энергетикалық баянамасында» Қазақстанның энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, энергияны үнемдеу арқылы бәсекелестік деңгейін көтеру, ғылыми потенциалды, энергия тиімділігін арттыру, экология және су-энергетикалық мәселелер сөз болды. Қазіргі таңда Қазақстан энергия ресурстары өндірісінен алдыңғы 20 мемлекеттің тізіміне кіреді.

Дүниежүзі бойынша табиғи энергия ресурстарының 46% көмір, 30%-і уранға тиесілі. Табиғи ресурстардың қоры жөнінен Қазақстан әлемде 6 орында тұр. АҚШ мамандарының есебіне сүйенсек, Қазақстанның барлауға түскен кен орындарындағы қазына 10 триллион АҚШ долларына жетеді екен. Массачусетс технологиялық

институтының табиғи ресурстар және энергетика жөніндегі маманы, доктор Даниел Фаннның сараптамасы бойынша 1991 жылдың өзінде СССР иеленген хром кенінің 90, мыстың 26, қорғасын мен цинктың 33, вольфрамның 38%-і Қазақстан жерінен алынған. Кеңестер Одағының кезінде барит қорының 82, фосфориттің 65, молибденнің 29, бокситтің 22, асбесттің 20, марганецтің 13, көмірдің 12%-і Қазақстан территориясында болған.

Бүгінде Қазақстан мұнай мен газдан басқа магний, уран, алтын, т.б. қоры жөнінен әлемдегі ең бай мемлекеттердің қатарына кіреді. Қазіргі өзінде вольфрам өндіретін ең ірі мемлекет саналады. Вольфрам қоры жөнінен еліміз әлем бойынша бірінші орында. Хром мен фосфор кендерінің қоры жөнінен екінші, қорғасын, молибден қорынан төртінші орында тұр. Еліміздің кен байлығына АҚШ, Батыс Еуропа елдері, Түркия, Иран, Пәкістан, Қытай, Жапония зор қызығушылық танытып отыр.

Космостан түсірілген суреттер және халықаралық мамандардың зерттеуіне мән берсек, тек Каспийдің солтүстік бөлігінде ғана 3,5 миллиард тонна мұнай мен 2,5 триллион текше метр газ қоры бар екен. Қазіргі кезде республика бойынша құрлықтағы мұнайдың 6,1 миллиард тоннасы, газдың 6 триллион текше метрі сақтаулы. Ел аумағындағы 300 алтын кенінің 173-і игерілген. Олардың арасында алмаз беретін кен орындары да бар. Қазіргі кезде алтын қорының тек 1 пайызы ғана өндірілуде. Қазақстан көмірі 250 жылға жетеді екен. Ал Қарағанды көмір бассейнінде 50 миллиард тонна көмір жатыр.

Бірақ, әр нәрсенің сұрауы, шегі бар екені белгілі. Кен орындарын шектен тыс қарқынды игеру қазба байлықтың сарқылуына әкелуі ғажап емес. Осы орайда мамандар 2025

жылдан кейін мұнай өндірісінің көлемі азаяды деп болжап отыр. «Kazenergy» агенттігінің сараптамасы бойынша Қазақстанның энергетикалық көмір экспорты қазіргі деңгейінде сақталады. Қазақстан көмірінің негізгі сатып алушысы болып отырған Ресейдің көмірге деген сұраныс кемитін көрінеді. Еліміз уран қоры жөнінен дүниежүзінде екінші орында тұр. 2013 жылы республикадағы уран өндірісі 22,5 мың тонна болған. Бұл әлемдік уран өндірісінің 38%-і. Болашақта уранға деген сұраныс арта түспек.

Әлемдегі жетекші елдер табиғи кен орындарына сенуді қойып, энергияның жаңа түрлерін өндіруге көше бастағаны да байқалады. Мәселен, Германия энергетикалық бетбұрысқа арналған жаңа бағдарлама қабылдап, әрі арзан, әрі тиімді жасыл энергетика көздерін игере бастады. Соның арқасында он жыл ішінде Германиядағы жанар-тылған энергияның үлесі 25%-ке жеткен.

Алдағы бес жыл ішінде Германия жанар-тылған энергияның есебінен 40% артық энергия алмақ. Жанар-тылған энергия көздерін игерудің арқасында шағын және орта бизнес дамып, салық түсімі артып отыр.

Бұл елдің жанар-тылған энергетика секторында 380 мың адам жұмыс істейді. Неміс технологиясы бойынша әр ғимарат өзіне қажет энергияны өзі өндіріп алатын шағын электростанция қызметін атқаруы қажет. Энергия көзі ретінде нелгізінен күн мен жел қуаты пайдаланылады. Бұл елде арнайы жасалған көлік инфрақұрылымына сәйкес бүкіл көліктер электр-двигательдермен жұмыс істеуге көшуле.

Қазақстан жел, күн энергиясын пайдалану, биотермалды, геотермалды стансалар салу, электро-мобилдерді пайдалану, отынның жаңа түрлерін ойлап табу, т.б. жоспарлар арқылы энергетика жүісін жанар-тылған мақсат етуде. Дамудың энергетикалық моделінің айқын үлгісі «ЕХРО-2017» көрмесінде жұртшылық назарына ұсынылған отандық технологиялар болатынына сенейік. Қазіргі таңда Қазақстанда электр энергиясының 70%-і мен жылу энергиясының 50%-і өндірісте пайдаланылса, тұрғындарға 25 және 30%-і тиесілі.


Ресей ғылым академиясының энергетикалық зерттеулер институтының болжамы бойынша 2010-2035 жылдар аралығында әлемде өндіріс ошақтарының көбеюімен бірге электр энергиясы, жылу өндіру көлемі мейлінше ұлғаяды. Табиғи ресурстарды игеруді қысқартудың ең төте жолы энергия үнемдеу мен энергиялық тиімді технологияларды енгізу болғандықтан бұл мәселе еліміз үшін өзекті болып отыр.

Халықаралық энергетика агенттігінің мәліметі бойынша, Қазақстанның ішкі жалпы өнімдегі энергия сыйымдылық жағырағын көрсеткіші жоғары. Экономиканы қалыптастыру жылдарында республиканың ішкі жалпы өнімдегі энергия сыйымдылығы 20%-ке көтерілген. Бұл көрсеткіш 2025 жылға қарай 25% болады деп болжануда.

Бір шындық бар. Дәстүрлі энергия ресурстары адамзатқа әлі 50-60 жыл қызмет көрсетеді.

Тәуелсіздік – бір бақыт

Қазір ұрпақтар сабақтастығы туралы көп айтылады. Біз аға ұрпақтың өкілі болып саналамыз, қиын-қатты кезеңдерді бастан өткіздік. Ашаршылықтан кейін енді ес жиып, етек жыдық дегенде соғыс деген суық сөз бүрк ете қалды. Оның ауыртылығын да сезініп өстік. Қатарымыз қазір некен-саяқ. Бүгінгі ұрпақ – бақытты. Ел аман, жұрт тыныш дегендей, жас буынға біз көрген қиыншылықты көрмесе екен деп тілейміз.



Қазір 91 жастамын. Әкем Ысқақтың айтуы бойынша, қазіргі әуежай төңірегіндегі «Зиңктер» деген жерде «Шолакарық» атауымен алғашқы кезде ТОЗ, яғни, серіктестік құрылып, соңынан колхозға айналды. Сол колхозда мектеп ашылды. Тарихтан мәлім, 1931-1933 жылдары бүкіл қазақ үшін нәубет кезеңі болды. Әкемнің айтуынша, 1933 жылы Сыр бойында үлкен аштық белең алды. Сол кезең алдында республика астанасы Алматыға көшіп, Қызылорда аудан орталығы болып қалған. 1933 жылы аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Садық Сапарбеков халықты аштықтан құтқару мақсатында көп іс тындырған көрінеді. Атап айтқанда, Сырлария өзенінен Жетікөлге бірнеше шақырым канал қазуға шешім қабылдайды. Каналды халық қолдан қазды. Сөйтіп егін шаруашылығымен айналысады.

Ысқақ әкемнің айтуынша, сол ауыр жылдары ауылға Сапарбековпен бірге «Ленин туы» газетінің редакторы Қайыпназар Қауынбаев келеді. Әкемнің диқангершілік, мұраптық қасиетін ескеріп, елмен қауышады. Әкем оларды сыйлап, құрмет көрсетіп, дастархан жаяды. Қонақасынан соң ГПУ-дың адамдары келіп, Қауынбаев пен Сапарбековті тұтқындайды. Осылайша бірі Алматыда, екіншісі Қызылорда қаласының төңірегінде атылады. Қайғылы тарихи оқиғаларды әкемнен естігенде халықтың басына түскен нәубет қаншалықты ауыр болғанына қанығасың. Осы оқиғаларды мен еміс-еміс білемін. Сөбебі 8 жастағы бала едім.

Аштықты жеңу оңай болған жоқ. Ел балық аулаумен айналысты. Көлде жылым тарту үшін тиісті көліктер қажет болды. Түйе сатып алу

үшін Ерғали Сексенбаев, Орынбай Қылышбаев есімді азаматтар Түркіменстанға жіберіліп, олар 20 түйе сатып алып, вагон жалдап дегендей Қызылордаға жетті. Осылайша ел аштықтан кейін ес жинай бастады. Соғыстан кейін майда ұжымдар бірігіп, Ленин атындағы колхозға айналды. Оны көп жыл Пірман Жарқынбеков басқарды. Осылардың негізінде кейін Аманкелді атындағы совхоз құрылды. Әлі есімде, Әбжан Балқадыров түйе санын 500-ге жеткізді. Кешегі Кеңес үкіметі құлаған кезде сол түйеден тұяқ қалмады деуге болады. Осындай да заманды бастан өткердік.

1950 жылы Сырлария ауданындағы «Қызыл Ту» орта мектебін бітіріп, Қызылорда қаласындағы Н.Тоголь атындағы педагогикалық институтының тарих факультетіне түстім. Аудандағы орта мектепте мұғалім, партия ұйымының хатшысы, оқу ісінң меңгерушісі, мектеп директоры, ауылдық кеңестің төрағасы қызметтерін атқарды. Партияның жолдамасымен Павлодар облысында тың игеру жұмыстарына қатыстым. Елге оралып, ұзақ уақыт білім ошақтарында басшылық қызмет атқардым. Жұбайым Аманкүлмен бірге тоғыз бала тәрбиелеп, өсірдік. Сол педагогикалық институтта бірге оқыған, аралас болған достарыммен (бүгінде марқум) қазактың белгілі ақыны Сағи Жиенбаев, Өлең Аксақаловпен кешегі күнге дейін араласып тұрдық. Өмір деген ғажайып құбылыс. Студенттік кездегі біздің достығымыз айрықша құрмет тұтуға лайық еді. Жатақханада жатамыз. Кейде Қызылордадағы Өлең досымын үйінде боламын. Шешесі Байлаимның, зайыбы Мариямның дастарханнан талай дәм таттым. Олар қазіргі Жарқынбаев, бұрынғы Некрасов атындағы көшеде тұрушы еді.

Біздің жастық, студенттік шағымыз Кеңес заманының өрлеу тұсына тап келді. Ал біздің ұрпағымыз Қазақстанның тәуелсіздік дәуірінде өмір сүрүде. Бүгінгі өмірге қарап, тәуелсіздікті қазаққа бұйырған бір бақыт деп бағалаймын.

Бәкір ЫСҚАҚОВ,
халық ағарту
ісінің үздігі,
Қызылорда қаласы

Құрметті қала тұрғындары және еріктілер!

Елімізде жарияланған төтенше жағдайға байланысты қала аумағында орналасқан блок-бекеттердегі әскери қызметкерлер барлық мезгілдегі тамақ және қажетті жабдықтармен толық қамтамасыз етілген. Сондықтан, қосымша көмек көрсетудің қажеттігі жоқ екенін ескертеміз.

Жедел штаб



● АЛАШТЫҢ АСЫЛЫ

Сағыныштан сарғайтқан Наршоқы



Адамзат қауымында аса қасиетті екі ұғым бар. Бірі – Ана, екіншісі – Отан. Ана ұрпақты дүниеге келтірсе, Отан оны азамат етіп қауымға қосып, қоғамның белсенді мүшесі етеді. Осы мағынада Отан – адам баласының қауымдық, қоғамдық анасы. Дүниеге келген, отбасында тиісті тәрбие көрген ұрпақтың болашағы енді қоғамға, сондағы қалыптасқан саяси һәм әлеуметтік жүйенің сипатына байланысты болады. Сол жетілдіреді, сол өсіреді, сол адамзат биігіне шығарады. Кейде қоғамның саяси сипатына қайшылықты жағдайлар да болып жатады.

Бұл сөздерді Алаш ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірегейі Мұстафа Шоқайға да толық арнауға болады. Ол Шиелі ауданына қарасты Сұлтүбө стансасынан он бес шақырым жердегі кезінде елді мекен болған Наршоқыда 1890 жылдың 25 желтоқсанында дүниеге келген. Ұрпақ тәрбиесінің теміржолы отбасы екенін терең түсінген ата-ана туысы бөлектеу болған баласына ерекше қарады, айрықша көңіл бөлді. Атадан балаға жалғасып келе жатқан халықтың әдет-ғұрпын, жөн-жосығын жақсы білетін шанырақ барды аямады. Оқуға зерек Мұстафа 6 жасында әкесінің інісі Әліш салдырған бастауыш білім беретін діни мектептің табалдырығын аттады. Төртжылдық мектепті екі жылда үздік бітірді. Ол шәкірттердің ішінде ең бірінші болып әптіектен құранға шығып, оны да жақсы оқыған көрінеді. Үйге келген қонақтарға сұрамаса да оқып беріп, мына ата-анасы да, өзі де үлкен мақтаныш санапты. Қабілетін таныған молданың айтуымен Шоқай ағамыз тіл-көз тимесін деп Мұстафаға үкі таққан бөрік кигізіп қойған көрінеді.

Мұстафа жастайынан өзін қоршаған дүние сырын менгеруге деген құштарлығымен, естіген әңгімелерін есінде сақтау зеректігімен де ерекшеленген. Ол кезде бүгінгідей жазба әдебиеттер өте сирек кездескенмен, атадан балаға мирас болып келе жатқан, талай ұрпақты рухани суусындатқан сан тақырыптағы аңыз-дастандарға Қазақ даласы кенде емес еді. Ауқатты дағқа, болыс ауылында ақын-жыраулар да жиі болып тұрды. Олардың ел билеген хандар мен өз жерін қорғаған батырлар туралы толып жатқан жырларын, көрші елдердің, Шығыстың, түркітестес туыстас елдің әртүрлі киссаларын бала Мұстафа жасынан естіп, жаздыла сақтап, оларды өмір бойы рухани азық етті.

Мұстафаның оқуынан одан әрі жалғастыру мақсатымен және жергілікті орыс әкімшілігінің озбырлығын жақсы таныған, баласының орысша оқып, өз-өзін қорғай алатын білікті маман болуын ойлаған әкесі Шоқай Перовск (Ақмешіт) училищесін калайды. Қалаға арнайы апарып, сонда оқитын болып келісіп те қайтады. Алайда училищелі оқу басталғанда Мұстафа қарашекпен ауырып бара алмай қалады. Бұл туралы әртүрлі әңгімелер бар. Дегенмен оқуға апарған әкесі Шоқай да, інісінің келешек барар жерін, шығар биігін шамалаған көзқаракты, тіпті ауылда қайта-қайта мектеп ашып жүрген ағасы Әліш те Мұстафаның Сұлтүбөдегі теміржол орыс-қазақ мектебінде оқуын жалғастырығанда Перовск училищесінен ретін тауып қол үздірмеген сияқты. Әйтпесе, ол кезде Сыр өңіріне ғана емес, онтүстік аймаққа да белгілі болған оқу орыны байланысын сақтамаған оқушыға 1902 жылы бітірді деп куәлік бере қоймайды ғой.

Тағы бір ерекше жайды айта кетейін. Саяхат шегуді білімнің бір көзі деп түсінген Шоқай баласымен бірге Ақмешіт, Түркістан, Әулиеата сияқты қалаларымен қатар Темірлан, Қарнак, Жосалы, Бөген, Сайрам секілді елді мекендерді аралап, халықтың қарапайым тірлігін көзбен көрсетіп, ерте танытады. Бұл адам танымын байыта түсер дәстүрді Мұстафаның өзі де Ташкент гимназиясында оқып жүргенде Мәскеуде, Ярославльде, Вильнода (1939 жылдан Вильнюс), т.б. қалаларда, кейін орыс, татар, башқұрт халықтарының өмірімен танысу үшін Владимирде, Харьковте, Курскіде, Саратовта, Нижний Новгородта, Уфала, Қазанда, сонымен қатар Қырым мен Кавказда бірнеше рет болған көрінеді.

1902 жылғы 4 тамызда Ташкенттің ерлер гимназиясына түскен Мұстафа осында өте жақсы оқып, алғырлығымен ұстаздарын тәнті етеді. Гимназияда дәріс алып жүріп, Шығыстың тарихы мен мәдениетін білуге құмартады. Өз бетінше түрік, парсы, өзбек тілдерін үйренуге ұмтылады. Оның басқа

тілдерді үйренудегі зеректігі де таңдай қақтырады. 2015 жылы шығуы аяқталған он екі томдық шығармалар толық жинағындағы еңбектердің он тілде жарық көруі тегіннен-тегін емес. Грузин тілінде жарық көрген бір мақала аударма болуы мүмкін. Ал басқа тілдердегі күдіктенуге болмайды. Міне, осы алғырлығының арқасында Шығыс әдебиетінің алыптары мен тарихшы-ғалымдары Фирдауси, Низами, Әбу Райхан Бируни, Әбунасыр әл Фараби, Әбу Әли ибн Сина, Мұхамед әл Хорезми еңбектерімен ерте танысады. Олардың бірқатарын сол кездің өзінде орыс және қазақ тілдеріне тәржімалаған деген де әңгімелер жок емес. Бұл ғұламалар туралы кейін шетелде жүріп, арнайы мақала жазуы жайдан-жай емес.

Орысша жап-жақсы сауатын жетілдіре түсіп, бұрын болмаған қалаға бойын үйретіп алғаннан соң Мұстафа қоғамдық қызығарға араласа бастайды. Жасынан қамқор көңіл ұялатқан ол Түркістан аймағының бас қаласы, қазақ, қырғыз, өзбек, түрікмен, қарақалпақ, орыс және басқа ұлт өкілдері тұратын Орта Азия кіндігі Ташкентке елден келген кісілердің өтініш-арыздарын шешуге қатысады. Жергілікті халықтың арасындағы әлеуметтік теңсіздікті көзімен көріп, жүрегімен сезеді. Басқаны былай қойғанда, гимназияны өте жақсы бітірген өзіне тиісті алтын медальды өлкенің генерал-губернаторы А.Самсоновтың орыс және қазақ тілдеріне тәржімалаған деген де әңгімелер жок емес. Бұл ғұламалар туралы кейін шетелде жүріп, арнайы мақала жазуы жайдан-жай емес.

Осы өмір сүріп отырған қоғамды таныған, білімсіз келешектің жоқтығын білген Мұстафа оқуынан одан әрі жалғастыруға бел буады. Ал ағасы Әліш елде лауазымды қызмет істеу үшін осы білімнің өзі жеткілікті екенін айтқанымен, ол бұл білімді місе тұтпайтынын білдіреді. Жатпай-тұрмай жоғары оқу орнына түсу үшін өз бетінше дайындала бастайды. Оның одан әрі оқуына Ташкент гимназиясындағы ұстаздарының да көп көмегі тиеді. 1910 жылы Петербург университетінің заң факультетіне түсу үшін өзіне тиесілі оқу орнының атаулы стипендиясы болмағанынан кейін, Қазан татарларына бөлінген стипендияны пайдаланған көрінеді. Еліңде абыройлы, атақты Шоқай би баласының оқығанын құптап, оны қаржыдан қарастырмауды өз мойнына алады. Оған қоса Мұстафаның алғырлығы мен зеректігіне тәнті болып, оның келешегіне үлкен үміт артқан ауылдастары мен аталас ағайындары да жылу жинап, жәрдем көрсетеді. Білім нәрімен мейірі қанғаша суусындауды ансаған жас ағасымен бірге Петерборды бетке алып жолға шығады. Желкілдеп өскен жас жеткіншегінің ел көдесіне жарайтын азамат болуына атсалысып жүрген жомарт жүректі ағасы Әліштің еңбегі қайтып, талапты жас Петербордағы императорлық университеттің заң факультетіне оқуға түсіп, онда 1910-1914 жылдары білім алады. Университетті бітіргеннен кейін, сол кезде Петербургте тұратын түркістандық адвокат Серолі Ланиннің үйіндегі жиындарда кездесіп тұрған, Ташкентте оқып жүргенде орыс өкіметінің атамекеніміздегі жер саясатын мұқият зерттеуді өсиеттеген Әліхан Бөкейханның қолдауымен әрі тапсырмасымен Петербургте қызметте жүрген Мұстафа Шоқай өзін 1917 жылғы

наурыздың соңғы күндерінде Ташкентке шақыртқан жеделхат алды. Елге оралудың нәтижесі Түркістан мұқтариятын құру болғаны мәлім. Алайда 64 күн ғана өмір сүрген мұқтарияттың болысөздері қарулы күшпен таратып, оның орталығы Қоканды қанды қырғынға ұшыратты. Осы аласапыран кезеңнен жақсы хабардар мемлекет және қоғам қайраткері, бұрынғы Украина Халық Республикасының сыртқы істер министрі, профессор Александр Яковлевич Шульгин 1942 жылғы 8 ақпанда Парижде өткен М.Шоқайды еске алуға арналған салтанатты мәжілісте жасаған екі сағаттық баяндамасында «өмірден ерте озған досының отызға да толмаған жасы Түркістанның нағыз көсемі болуға келергі болмайтынын» тебірене айтқан болатын.

Ғұлама саясаткер, тамаша публицистің қолынан шыққан мыңға тарта материалдың 250-ден астамының тікелей Түркістан атымен аталуы да жайдан-жай болмаса керек. Мұның түп-төркінінде туған елге деген ерекше сүйіспеншілік жатыр еді. Мария Шоқай өзінің «Менің Мұстафам» атты аса құнды естелігінде мынадай жайды жазыпты. Бірде екеуі Париждегі Трокадеро этнографиялық музейінде болғанда, Мұстафа сонда тұрған домбыраны қызметкерінен сұрап алып, құлақ күйін келтіріп, әсем қазақ әуенін орындап шығып, аспапты орнына қояды. Жары оның жанарының жасқа толғанын байқап: «Мен алғаш және соңғы рет Мұстафаның көз жағын сол кезде көріп едім» деп жазған еді.

Тағы бір мысалға жүгіне кетейікші. 1923 жылы Мария Шоқай қатты ауырып, оның үстіне тұрмыс жағдайына да байланысты Берлинде алты айдай тұрады, емделеді. Осы жылдың 6 маусымында Парижде жарына жолданған Мұстафаның хатындағы мынадай жолдарды тебіренбей оқи алмайсың: «Оның (Шоқайдың үлкен әйелі Ә.Б.) менің өз анам емес екенін, алайда оны өз анамдай жақсы көретінімді сен, әріне, білесің. Ол идеал ана болатын. Әлі есімде, кішкентай кезімде шешекпен (осыдан Перовскіге оқуға бара алмады – Ә.Б.) ауырығымда, ол мені үш апта бойы тізесіне жатызып қараған-ды». Бұл сөздердің арғы жағында бүкіл елге деген сағыныш жатыр еді.

Мұстафа Шоқай 1936 жылғы «Яш Түркістан» журналында басылған «1936 жыл» атты мақаласында осыдан 18 жыл бұрын большевиктік үкіметтің өмірі ұзақ болмайды деп қиялғандығын, Түркістанға қайта ораламыз деген үміттің артта қалғанын еске түсіріп, бір сәт жадданан жоғалмаған Отанға деген шексіз сүйіспеншілікті былайша бейнелейді: «Атамекенді сүю дегеніміз – өзіңнің жеке басыңның талаптарын қанағаттандыру немесе белгілі бір топтың не бір жеке адамның мүдделерін қорғау дегендік емес. Атамекенді сүю – оның тұтас мүддесіне қызмет ету, осы жолда әрқашан қызмет етуге, керек болса жан пида қылуға дайын тұру болып табылады». Отанына осылай қызмет еткен Мұстафа Шоқай: «Алла елімнің тәуелсіздікке қол жеткізгенін нәсіп етсе, мен тек саяси үгіт ісімен айналысар едім. Жастар үкімет құрса, мен елімнің тарихы және басқа өлке халықтары туралы кітаптар жазумен шұғылданар едім» деп армандаған болатын.

Мұстафа Шоқайдың еліне деген сағынышын бір сәт басуға аз да болса жәрдем ететін елден хабарлар да өте кем болды. Кенестік қыспақ тіпті хат алдырмауға барын салды. Сонда да туған інісі Мұртазаның бірнеше хаты біздерге

жеткен еді. Мұстафаның да жауаптары болған сияқты. Алайда олар белгілі себептермен бізге жетпеген. Дегенмен, осы хаттардың өзінен екі ағайын арасындағы туыстық сезімді байқаумен бірге, Мұстафаның елге деген ерекше сағынышының ыстық лебіні сезбеу мүмкін емес.

Мұртазаның 1923 жылғы 4 наурызда жазған хаты ағасының бала күнінен достық қатынаста болған, кейін Түркістан Уақытша үкіметінің Ішкі істер министрінің орынбасары болған Әбдірахман Оразасқа жолданғанымен «қыпшақ ұлына бересің» дегені Мұстафа Шоқайға жазылғанын айқын көрсетіп тұр. Хатта Мұртаза аға-інілерінің қайтыс болғандарынан хабардар етіп, өткен 1922 жылы бір-екі хат жазғанын, алайда оны алған-алмағанынан хабарсыз екенін айтады. «Сіздердің аман жүргендеріңізді естіп, көңіліміз тынды» дегеніне қарағанда мұның алдында хат алған сияқты, бірақ оның тағдыры бізге мәлімсіз. Осы жылдың 19 сәуірінде Мұртаза ауылдастарымен бірге жолдаған хатында өзінің бірнеше хат жібергенін, бірақ олардың тиген-тимегенін тағы да білмейтінін жазып, жақын адамдардың қайтыс болғандарын естіретіні. Інісі алған хаттарында ағасының не себептен «келем» деген сөзінің айтылмайтынын, келер хатта келер-келмесін айтуын өтінеді. Ал 2 қыркүйектегі хатта Мұртаза бірнеше хат алғанын, ағасының елдің хал-жағдайынан хабардар болғанын жазған.

Ауылдың тұрмыс күйінің нашарлағанын, аяқты малдың күн өткен сайын азайып бара жатқанын, өзінде сауын сиыр, жұмсарлық өгіз ғана қалғанын, негізгі тіршілігі диқаншылық екені, бірақ мұның мардымды еместігі айтылған. Ел ішін түрлі аурулар жайлап, екі жылдан бері шегіртке шығып, егінді жесе, қой-ешкі қотырдан қырылып, ауылдар малсыз қалған. Осы хатта мынадай қосымша ақпарат бар. Өзінің келісе алмай, әйелі Бибісұлтанды қоя бергенін, екі жыл бұрын қайтыс болған Оспан ағасының әйелі Зұлфияны үйіне кіргізгенін мәлім етеді. Мен бұл кісіні көрдім, сөздерін естідім.

1949 жылы мен өскен атам Ахметтің (Мұстафаның анасы Бактыбекінің ағасы Баспақ (Мамбетәлі) батырдың немересі) отбасы Сырдария ауданына қарасты «Айдарлы» колхозынан Қызылорда қаласына көшіп келгенде бұрынғы Некрасов (қазіргі Жаркынбаев) атындағы көшеде Мұстафаның туған інісі, «халық жауы» атанып ұсталып, атылып кеткен Мұртазаның отбасымен көрші тұрдық. Мұртазаның кемпірі Зұлфия (Оспан 60 жасында үйленгенде Зұлфия он сегізге болатын) шешеміз «Біздің қайнаға жеті патшаның тілін білетін еді» деп отыратын. Ол кезде «шет тілі» деген терминді үлкен кісілер пайдалана бермейтін. Ал он екі томдықтағы материалдардың неше тілде жарық көргенін жоғарыда айттық.

Мұртазаның бізге жеткен 1924 жылғы 16 қаңтардағы «Дұғай сәлем, Мұстафа ағайға» деп басталатын соңғы хатында ағасының 4 қыркүйек, 3 қазан, 6 желтоқсанда жазғандарын алғанын айта келіп, ел жағдайынан, өзінің екі ай қамауда отырып шыққанын, соның себебінен екен етінен өнім ала алмағанын хабарлайды. Бұл кезде Мұстафа ағайындары Кеңестің қырына алына бастаған еді. Содан қудаланған Мұртаза ақыры 1937 жылы атылды. Тіпті мен білетін баласы Мадияр ағай қала жанындағы «Кооператив» елді мекеніндегі мектепте орыс тілінен сабақ беретін. Оны да қудалап, «халық жауының» баласы мектепте қалай мұғалім болады деп Мақтаралға көшуге мәжбүр етті.

Осылай өзі ғана емес, ағайын-тустарына дейін қудалауға түскен Мұстафа Шоқай сағыныштан сарғайтқан Наршоқы құмына көзі тірісінде бір рет те аунай алмай, Еуропаны мәңгі мекен етті. Бірақ ұлы тұлғанын өлмес рухы туған елге Тәуелсіздікпен бірге оралып, Қызылорда қаласындағы зәулім ескерткіші Сыр халқының күнделікті тірлігіне күндіз-түн тілектест болып тұр.

Қарі тарих талай дәлелдеген шындық еске түседі. Халқына нақты ісімен, бар қажыр-қайратымен қызмет еткен, қажет болса, ғұмырын да сарп еткен ардақтылар ел есінде мәңгілік қалады. Мұстафа Шоқайдың өмірі мен қызметі – бұл шындықтың тағы бір айқын көрінісі.

Әбдіжәлел БӘКІР,
саяси ғылымдарының докторы, профессор

Нұр-Сұлтан қаласындағы №51 мектеп-гимназияға түркі әлемінің тарихи тұлғасы Мұстафа Шоқай есімі берілген еді.

Ұлт қайраткерінің есімі ұлықталды

Осы мектеп-гимназияда ұлт қайраткерінің тәуелсіздік жолындағы ерлікке толы өмір өңегесі мен мұраларын насихаттайтын музей ашылды.



гранттық тағдыры, айдауға түскен кезде көрген ауыртпалықтары айқын көрініс тапқан тарихи туындыларын үзінділер көрсетілген.

Салтанатты шараға қоғам қайраткері, саяси ғылымдарының докторы, профессор Әбдіжәлел Бәкір, депутаттар Нұрғөре Жүсіп, Жұлдыз Сүлейменова, Қазыбек Иса, Нұр-Сұлтан қаласы тілдерді дамыту басқармасының басшысы Сәкен Есіркеп, шоқайтанушы ғалымдар қатысты.

Білім ордасының басшысы Данаара Жомартова музейдің мақсатын сөз етіп, оның ұрпақ тәрбиесінде атқаратын роліне тоқталды. Маңызды іс-шараға келген қонақтарға алғыс білдірді.

Қонақтар тарихи тұлғаның тәуелсіздік жолындағы жан-кешті еңбегін атап өтіп, рухани құндылықтар хақында сөз айтты.

Мұражайда ұлт күрескерінің саяси көзқарастарының қалыптасуына әсер еткен тарихи оқиғалар мен М.Шоқайдың эмиграцияда жүрген кезеңдеріндегі атқарған қоғамдық қызметі туралы деректер берілген. Алаш арысының өмірі, саяси жолы, Түркістан, Кавказ, Түркия, Франция елдеріндегі эми-

позициясына М.Шоқайдың өмірімен байланысты бірнеше бағытты қамтитын материалдар мен экспонаттар қойылған.

Салтанатты іс-шара «Ұлты үшін туған ұлы тұлға Мұстафаның дамыту басқармасының басшысы Сәкен Есіркеп, шоқайтанушы ғалымдар қатысты. Білім ордасының басшысы Данаара Жомартова музейдің мақсатын сөз етіп, оның ұрпақ тәрбиесінде атқаратын роліне тоқталды. Маңызды іс-шараға келген қонақтарға алғыс білдірді.

Қонақтар тарихи тұлғаның тәуелсіздік жолындағы жан-кешті еңбегін атап өтіп, рухани құндылықтар хақында сөз айтты.

Мұражайда ұлт күрескерінің саяси көзқарастарының қалыптасуына әсер еткен тарихи оқиғалар мен М.Шоқайдың эмиграцияда жүрген кезеңдеріндегі атқарған қоғамдық қызметі туралы деректер берілген. Алаш арысының өмірі, саяси жолы, Түркістан, Кавказ, Түркия, Франция елдеріндегі эми-

Мұхтар БЕРКІНБАЕВ,
мектеп-гимназия мұғалімі.
Нұр-Сұлтан қаласы

«Тас көмір теміржол арқылы тұтынушыларға үздіксіз жеткізіліп жатыр». «Қазақстан темір жолы» компаниясы осылай мәлімдеді.

Көмір үздіксіз жеткізілуде

Ұлттық компанияның мәліметінше, қазіргі уақытта теміржол арқылы әлеуметтік маңызды бар жүк – тас көмірді тасымалдау жоспар бойынша жүзеге асырылып жатыр.

«Қаңтар айының 11 күнінде 3,5 млн тонна қатты отын тиеліп, өткен жылдың ұқсас деңгейіне қарағанда өсім 1,2% құрады. Оның ішінде ЖЭО-ға 2,2 млн тонна жеткізіліп, көмір

қорының ұлғаю үрдісі байқалуда. Әлеуметтік маңызды бар жүктерді тасымалдау «КТЖ» ҰК» АҚ ерекше бақылауында» делінген хабарламада. Күн сайын көмір разрездері өкілдерінің қатысуымен жедел штаб кеңестері өткізіледі. Маңызды жүкті тасымалдау үшін жартылай вагондар жүк жөнелтушілердің өтінімдеріне сәйкес толық көлемде беріледі.

Алматы әуежайы жұмысын бастайды

«Алматы әуежайы 13 қаңтардан бастап жұмысын қайта бастайды». Бұл туралы әуежайдың баспасөз қызметі мәлім етті.

«Алматы халықаралық әуежайы 2022 жылғы 13 қаңтар, сағат 00:00-ден бастап өз қызметін қайта бастайды. Алматы қаласында қонақтандытқы сағаттың енгізілуіне байланысты әуежай жұмысы 08:00-ден 21:00-ге дейін жү-

зеге асырылады. Ішкі және халықаралық рейстер орындалатын болады. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында терминалға кіруге тек жолаушыларға ғана рұқсат етілген» делінген хабарламада.

Резервтік қор құрылады

«Нарықтағы кенет тапшылықтың алдын алу үшін 200 мың тонна көлемінде мұнай өнімдерінің резервтік қоры құрылмақ». Бұл туралы ҚР Энергетика министрі Болат Ақшолақов Үкімет отырысында айтты.

Министрдің мәліметінше, мұнай өңдеу зауыттарының өңдеу мерзімі қысқартылады. «Мұнай өңдеу зауыттарындағы жөндеу жұмыстарының және ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер үшін дизель отынын тиіп-жөнелту мерзім-

дерін үйлестіру көзделіп отыр. Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер үшін дизель отынын жөнелту ақпан айында, бұрынғы мерзімдерден бір ай бұрын басталады» деді министр.

«СБ» ақпарат

www.facebook.com/syrboyi.kz/

МЕНШІК ІЕСІ
СЫР
МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ

қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

https://twitter.com/syrboyi

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:

руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес
KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифици-
катталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 «А».

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

Таралымы 26048

Тапсырыс №45

Көзекші редактор ҮДЫРЫС ТӘЖІҰЛЫ